

ӘОЖ 82.09

Б.А. Рахметова,

Б. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институты доценті, ф. ф. к.,
Арқалық қ., Қазақстан,
e-mail: bazar65@mail.ru

Темірғали Нұртазин С. Мұқановтың романдары туралы

Әдебиетші-ғалым, сыншы ретіндегі Темірғали Нұртазиннің мол әдеби мұрасының бір бөлігін қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, белгілі жазушы Сәбит Мұқановтың шығармашылығына арналған еңбектері құрайды.

С. Мұқановтың сан-салалы шығармашылығын мұқият зерттеуге 1945 жылдан кіріскен ғалым 1951 жылы «С. Мұқанов шығармашылығы» деген көлемді монографиясын жариялады. Осы еңбекті 1958 жылы «Сәбит Мұқанов» атты сын-библиографиялық очеркке айналдырып, тың қорытындылар жасады. Ал 1960 жылы «Жазушы және өмір» атты бағалы монографиясы мен «Халық жазушысы» деген еңбегін оқырман қауымға ұсынды. Сондай-ақ көп еңбектеніп, өндіре жазатын қаламгердің жаңа шығармалары туралы өзінің ой-пікірлерін алғашқылардың бірі болып айтып отыруды да зерттеуші жадынан шығарған емес.

Кеңестік дәуірде ұлттық әдебиетіміздің іргетасын қаласқан, оның өсіп, өркен жаюының басы-қасында болған С. Мұқанов сол әдебиетпен бірге өсіп, бірге дамыды. Жазушы өткен шығармашылық жолды белгілі дәрежеде бүкіл қазақ кеңес әдебиетінің даму жолы, өсу кезеңдеріне теңеуге болады. Осы жылдарда қаламгер әдебиеттің барлық жанрларында оқушы қауым сүйсініп оқитын кесек те көркем дүниелерді өмірге келтірді. Әсіресе, оның романдары өз тұсындағы бүкіл кеңес оқырмандарының игілігіне айналып, көптеген шетел тілдеріне аударылды.

Мақалада белгілі ғалым, сыншы, жазушы Темірғали Нұртазиннің қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі С. Мұқанов романдарын зерттеуі қарастырылады.

Түйін сөздер: Т. Нұртазин, әдеби-сын, әдебиеттану, роман, ізденіс.

B.A. Rakhmetova

Temirgali Nurtazin about Sabit Mukanov`s Novels

The literary heritage of Temirgali Nurtazin, one of the founders of Kazakh Soviet Literature and literary critic, is great; The bases of his works are dedicated to the creative work of a well – known Kazakh writer Sabit Mukanov.

Nurtazin started researching S. Mukanov and his literary works since 1945. In 1951 he wrote a monograph «Mukanov`s creative work» as the result of his research. Later this monograph was supplemented and renewed with deep conclusion on the theme of the research. In 1960 the readers were acquainted with the author`s new monographs` «The Writer and the Life» and «The Nation`s Writer».

Nurtazin was the first to react to the writer`s new works and expressed his point of view, showing the secrets of the writer`s excellence.

S. Mukanov grew and trained himself together with the Soviet literature having begun his creative activity in that period. S. Mukanov made a great contribution to the development of Kazakh – Soviet literature working on various genres of literature and considerably enriched the fiction. Most of his novels were translated into many foreign languages.

In this article we analyze the works of a well-known scientist and critic T. Nurtazin who dedicated his creative activity to researching S. Mukanov`s literary heritage.

Sabit Mukanov`s updated novel was investigated by a group of scholars, and their opinion was compared with former statements. The novel «The School of Life» was highly appreciated; it was first published in the Kazakh language in 1930 in the magazine «New Literature», numbers 3-5, and in Russian in 1940

in the magazine «Literature and Art of Kazakhstan», numbers 1-4; it was introduced as fragments from the novel «My Schools».

The researcher explicitly stresses the genre originality of the work, its first definition as «Story», and on the basis of the theoretical argument deeply and fully proves its definition as «Novel». Well informed on the personality of the author and novel materials, the critic defined a special place of the novel in the Kazakh literature.

Key words: T. Nurtazin, literary critic, S. Mukanov, introduction to literary, novel, research.

Б.А. Рахметова

Темиргали Нуртазин о романах Сабита Муканова

Литературное наследие Темиргали Нуртазина, одного из основоположников казахской советской литературы, литературоведа и критика, велико; основу его составляют труды, посвященные творчеству известного писателя Сабита Муканова.

Начиная с 1945 года, Нуртазин начал всестороннее исследование произведений С. Муканова. В 1951 году вышла его объемная монография «Творчество С. Муканова» как результат исследований. Эта работа была дополнена и переработана в критико-биографический очерк «Сабит Муканов», содержащий глубокие итоги по теме исследования. В 1960 году вниманию читателей были предложены новые монографии «Писатель и жизнь» и «Народный писатель». Одним из первых Нуртазин откликнулся на новые произведения писателя и высказывал свои взгляды на них, открывая секреты его мастерства.

У истоков казахской литературы советского времени находился С. Муканов, который рос и развивался вместе с советской литературой. Путь писателя к вершинам творчества сопоставим с развитием всей казахской советской литературы. Муканов работал в различных литературных жанрах и значительно обогатил художественную литературу. Особенно хорошо известны всем советским читателям его романы, переведенные на многие языки мира.

Обновленный роман Сабита Муканова исследовала группа ученых, их мнение сопоставлено с прежними высказываниями. Роман «Школа жизни» был высоко оценен, на казахском языке он был впервые опубликован в 3-5 номерах 1930 г. журнала «Жаңа әдебиет», а на русском языке – в 1-4 номерах 1940 г. журнала «Литература и искусство Казахстана»; и был заявлен как отрывки из повести «Мои школы». Исследователь подробно останавливается на своеобразии жанра произведения, первом определении его как «Повесть» и глубоко и полно доказывает его определение как «Романа», основываясь на теоретической аргументации. Хорошо информированный о личности автора и материалах романа, критик определил особое место романа в казахской литературе.

В статье проанализированы работы известного ученого и критика Т. Нуртазина, посвященные романам видного представителя казахской литературы С. Муканова.

Ключевые слова: Т. Нуртазин, литературная критика, С. Муканов, литературоведение, роман, исследование.

Белгілі ғалым Т. Кәкішев зерттеушінің «Жазушы және өмір» монографиясы жайлы пікірінде: «Т. Нұртазиннің тек С. Мұқановтың жазушылық қайраткерлігіне талай рет оралып, тиянақты зерттеп отыруының өзі оның оқымыстылық парасатының, ғалымдық мұратының дәйектілігін аңғартады. Осының айқын дәлелі – қазақ әдебиеттануына үлес болып қосылған «Жазушы және өмір» атты күрделі монография – өзінің идеялық дәрежесі, ғылыми парасаттылығы жағынан биік деңгейдегі туынды» [1, 251], – деп жазса, сыншы А. Нұрқатов осы еңбек туралы: «Оның бұл тақырыпқа арналған кітабы орыс тілінде осыған дейін екі рет басылып шыққан-ды. Зерттеуші сол тақырыбына қайта оралып қазақ тілінде көлемді еңбек жазған. Бірақ бұл еңбек

автордың орыс тілінде шығарған монографияларының аудармасы да, көшірмесі де емес. Сыншы бұрыннан мол баурап, жете игерген фактілері мен материалдарын пайдалана отырып, тың зерттеу жасаған» [2], – деп дұрыс көрсетті.

Бұрынғы еңбектерінде ғалым С. Мұқанов шығармашылығын бүкіл әдеби үрдіспен бірге, тұтас түрде алып қарамай, жеке зерттесе, «Жазушы және өмір» монографиясында ол суреткердің ұлан-ғайыр шығармашылығын, қаламгерлік өсу сатыларын дара түрде бөліп-жарып қарамай, оны қоршаған әдеби ортамен, шығармашылық үрдіспен жанды байланыста алып саралайды.

Бұл жайлы әдебиеттанушы-ғалым С. Қирабаев: «Т. Нұртазин С. Мұқановтың творчестволық табыстарын қазақ совет әдебиетіндегі

жанрлардың қалыптасуы, дамуы процесімен тұтастықта зерттейді. Жаңа әдебиетте жанрлардың қалыптасуы қандай жағдайда өтті, жалпы әдебиетте қай жанрдың қандай ішкі ерекшеліктері болады деген мәселелерді көтеріп, ол осы жанрда С. Мұқанов қалай қызмет етті, оны қалай меңгерді деген сұраққа жауап беріп отырды» [3], – деп жазды.

Құнды еңбек болып табылатын «Жазушы және өмір» атты монографияның кіріспесінде автор С. Мұқанов шығармашылығының зерттелуіне және өзінің алдына мақсат етіп қойған негізгі міндетіне қысқаша тоқталғаннан кейін жазушының өмірбаянына шолу жасап, одан әрі нақты шығармашылығын зерттеуге ден қояды.

Зерттеуші бұған дейін шығармашылық талантын поэзияға жұмсап жүрген С. Мұқановтың 1922 жылы баспасөз бетінде тұңғыш жарияланған «Түсімде» және 1924 жылы жазылған «Әсия» атты әңгімелері мен «Совет Хұкметі һәм қазақ әйелі» деген кітабынан бастап осы кезде жазылған тағы басқа бірсыпыра прозалық туындыларына қысқаша тоқталады.

Бұлар әлі көркемдік дәрежесі ойдағыдай емес, алғашқы тәжірибе сатысындағы шығармалар болатын. Сондықтан бұл туындыларда схематизм жиі ұшырап, жазушы нысан етіп алған күрделі мәселелерін күнделікті өмірмен байланыста суреттеп, табиғи көрініс жасауға машықтанбағаны байқалып тұратын. Сыншы алғашқы кезеңдегі жазушы шығармашылығының осындай олқы тұстарын жіті аңғарып, орынды ескертулер жасайды.

С. Мұқанов 20-жылдарда проза саласында жинаған азды-көпті тәжірибенің нәтижесінде «Адақандар» романын жазды. Мұның жекелеген тараулары 1929 жылы «Жаңа әдебиет» журналында жарияланып, 1931 жылы кітап болып шықты.

С. Мұқановтың «Қазақтың көркемдік жағынан толысқан» романын жасап, зор табысқа жетуіне себеп болған төмендегідей бес жағдай:

«1) советтік алып күнделіктің эпикалық масштабы роман жасауға жетеледі; 2) эпикалық дәстүр қазақтың ауыз әдебиетінде мол еді. Жазушы соны игерді; 3) С. Мұқанов орыс прозасын творчестволықпен үйреніп, қаруланды; 4) жазушы бірсыпыра прозалық шығармалар жазып (әңгіме, очерк, повестер), қаламы төселді; 5) 20 жылдардың ақырына қарай қазақтың проза жазушылары прозалық көптеген туындылар берді. Соның барысында қазақ совет әдебиетінде про-

залық дәстүр құралды» [4, 169], – деп атап көрсетеді Т. Нұртазин.

Қоршаған әдеби ортаның, прозалық дәстүрдің жазушыға әсері, маңызы зор екені сөзсіз. Ол ортасыз, ол дәстүрсіз «Адақандар» романының тууы да неғайбыл болар еді. Осыны ескерген сыншы С. Мұқанов замандастарының проза саласындағы тәжірибесіне, ізденістеріне, табыстарына, мүдірістеріне шолу жасайды. 20-жылдардағы Е. Бекенов, С. Шәріпов, С. Сейфуллин, Ғ. Мүсірепов, М. Әуезов, Б. Майлин шығармашылықтары сөз болады.

20-жылдардың аяғында көлемді романмен үлкен прозаға келген С. Мұқанов «Теміртас», «Есіл», «Ботакөз», «Өмір мектебі», «Сырдария», «Балуан Шолақ», «Мөлдір махаббат», «Тыңдағы толқындар» романдарын, «Достар», «Бақташының баласы» повестерін және бірсыпыра әңгімелерін жариялады.

30-жылдардағы С. Мұқановтың роман саласындағы қадамы «Теміртастан» басталды. Бұл – көлемі 544 бетті құрайтын үлкен роман. Сыншы романдағы шабындық, егіндік жерді бөлісу төңірегіндегі таптық күрестер, саяси тартыстар секілді күрделі мәселелерге, сол тартыстарда көрінетін адамдар бейнелеріне көңіл аударады. Әлеуметтік көзқарастары бір-біріне қарама-қарсы, ымыраға келмейтін конфликтілерге негізделіп құрылған романның композициясы, сол тартыстарда көрінетін бас кейіпкер Теміртас, алаяқ ку, шонжар бай Түлкібай, партия қызметкерлері Мұрат, Қозыбақ, мінезі ұр да жық Жауқашар бейнелері жан-жақты талданады. Романның сюжеттік түйіндерінің дамымауы, кейіпкерлер характерлерінің терең ашылмауы, композицияның қобыраңқылығы секілді кемшіліктерді көрсетуде де сыншы білімдік, алғырлық танытады.

Зерттеуде саяси-моральдық мәселемен байланысты бір топ адамның зұлымдығын әшкерлейтін «Достар» повесі, азамат соғысының оқиғаларын сипаттайтын «Есіл» романы қысқаша сөз болады.

С. Мұқановтың ең құнарлы шығармасы саналатын «Ботакөз» романы бірінші рет 1938 жылы «Жұмбақ жалау» деген атпен басылып шықты. Зерттеуші кітапта нақты деректерге сүйене отырып романның жазылуынан, автордың өмір материалдарын жинап сұрыптап алуының ұзақ тарихынан, әдеби кейіпкерлердің жасалуына негіз болған адамдардың өмірінен мол мағлұмат береді. Осының бәрі сыншының көп жылғы қыруар еңбегінің, төгілген маңдай терінің нәтижесі екенін айта кету орынды.

Жазушы «Ботакөз» романында 1905 жылғы орыс төңкерісінен кейінгі қазақ өмірін, ондағы тарихи ірі оқиғаларды сюжетке арқау етіп алады да, ауылды, бүкіл Қазақстанды төңкерістік даму жолында суреттеп, Қазан төңкерісінің нәтижесінде кеңес тәртібін орнатқан жаңа дәуірге жеткізіп тоқтайды.

Зерттеуші романның басында сюжетке арқау болған тап қайшылықтары мен колониялық қайшылықтардың төңірегіндегі егестер, патша әкімдері мен ауыл кедейлерінің арасындағы қақтығыстар, әкімдердің залымдығы; екінші бөлімдегі қазақ еңбекшілерінің өмірі, 1916 жылғы оқиғаға қазақ бұқарасының араласуы; үшінші бөлімдегі төңкеріс жеңісімен Қазақстанға кеңес дәуірінің келуі секілді іргелі, күрделі оқиғаларды көрсетудегі жазушы талантының қыр-сырларын ашуға ұмтылады.

Сюжетке арқау болған өмір қайшылықтарын өзара қиюластырып, қызғылықты композиция құруда, жеке адамдардың тағдырын қоғамның тағдырымен диалектикалық сабақтастықта алып тұтас суреттеуде жазушының дүниежүзілік озық әдеби тәжірибеге сүйеніп шығармашылық ізденіс танытқандығы сөз болады. Сондай-ақ әр түрлі қоғамдық топтардың шынайы сырын шыншылдықпен ашу арқылы танылатын жазушының идеялық позициясы, еңбекші бұқараның жақсылықты аңсаумен ғана тынып қоймай, жақсы өмірді өз қолымен жасайтын заман туғанын сезінуін бейнелейтін романдағы соны көріністер де ғалымның назарынан тыс қалмаған.

Өмір күресінде қатып-пісіп төңкерістік жолға түскен Ботакөз, қалың бұқараның мүддесін көздейтін Асқар, батыл мінезді Амантай, үстемдердің күштісі Итбай, патшашыл шенеунік Алексей Кулаков, ескішіл Құзғынбаев т.б. кейіпкерлердің бейнелерін жасаудағы жазушы машығы, олардың мінездерін сипаттауда қолданған көркемдік тәсілдер, портрет жасаудағы тапқырлықтар арнайы қарастырылады. Сонымен қатар зерттеуші табиғат көріністерін суреттеудегі сарандық пен кейіпкердің психологиясын берудегі кемшіліктерді ескертеді. Сюжет дамытуға қатысты бұл тәсілдердің ұтымдылығы мен әлсіз жақтарына тоқталады. Романға байланысты пікірін сыншы: «Ботакөз» – көркемдігі жағынан да келісті жазылған роман. Кітап шыққаннан кейінгі жиырма жылдан астам уақыттың ішінде роман жөнінде санқилы сын болды. Соның басым көпшілігі «Ботакөз» идеялық мәні терең, аса көркем, оқушыға тартымды, қызықты, халықтық шығарма деген

пікірге келіп түйіседі» [4, 227], – деп қорытындылайды.

Монографиядағы ең басты проблемалық мәселелердің бірі – эпопея жайына байланысты. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің аса ірі туындыларына талдау жасай отырып автор біздің әдебиеттану ғылымымыз үшін тың мәселелер қозғайды. Заңғар жазушымыз М. Әуезовтің «Абай жолы» романы эпопея деп мейлінше дұрыс аталып жүрсе де, осы шығарма жайлы қалам тербеген сыншылардың бұл мәселені әлі толық ашып бере алмағандығын айтады. Осы тақырып төңірегінде едәуір ізденіп, көңілге қонарлық пікірлер білдіреді.

Ол эпопеяға тән біраз белгілердің Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке», Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романдарында бар екенін атап көрсеткен. Автордың салыстыру үшін Л. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік», Эмиль Золяның «Тас талқан», Ромен Ролланның «Жан Кристоф», Голсуорсидің «Фортс-айт», М. Горькийдің «Клим Самгиннің өмірі» мен «Артамоновтардың ісі», М. Шолоховтың «Тынық Дон», Т. Маннның «Буденброктары», Т. Драйзердің «Талаптар трилогиясы» мен тағы басқа әлемге әйгілі қаламгерлердің шығармаларын келтіруі, өз тарапынан айтқан теориялық пайымдаулары оның білімінің жан-жақтылығын аңғартады.

Сондай-ақ зерттеушінің жаңа тақырыпты қозғау проблемасына арнайы тоқталуы да құптарлық іс. Бұл тарауда ол С. Мұқановтың шығармашылық ізденісін С. Ерубаевтың «Менің құрдастарым», Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты», Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды», «Шығанақ», «Миллионер», Х. Есенжановтың «Ақ жайық», З. Шашкиннің «Ұядан ұшқанда», «Тоқаш Бокин» атты роман, повестеріндегі суреткерлік тәжірибелермен сабақтастыра талдай отырып, осы тың мәселеге, яғни қазіргі заман тақырыбын игеру проблемасына байланысты, көптеген байсалды ой-пікірлер айтқан.

Көркем туындыларда замандас бейнесін жасау мәселесін тек принцип тұрғысынан сараламай, аталған авторлардың шығармаларындағы көркемдік шеберлікпен сюжет өрбіту, өмірдің өзінен алынған шынайы тартысты дәйекті түрде дамыту, пейзаж, портрет жасау, шығарма құрылысының бекемдігі, тіл шұрайлылығы сияқты мәселелермен байланысты қарап, бағалы тұжырымдар жасаған.

Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінде кенже қалған сала – өндіріс тақырыбы еді. Халқымыз-

дың ғасырлар бойы негізінен мал шаруашылығымен айналысып, өндірістен, техникадан алыстау болғаны белгілі. Жаңа дәуірде қазақ халқы елдің болашағы озық техникамен, ірі өндіріспен байланысты екенін ұғынды. Осыған орай өндіріс өмірі, техника адамдары әдебиетіміздің сала-саласында ара-тұра көріне бастады. Бірақ тақырыпты жете білмей, терең сезінбей жазылған алғашқы шығармаларды сыншы әлі пісіп жетілмеген дүниелерге балайды.

Зерттеуші С. Мұқановтың «Сырдария» романын жаңа дәуірді, еңбек тақырыбын жыр ететін шығармалардың қатарына қосады. Романның бірінші нұсқасы 1948 жылы шықты. Алғашқы басылымында роман бірсыпыра сынға ұшырайды. Соны ескере отырып жазушы романды біраз өңдеп, 1951 жылы екінші рет шығарады. Роман бірнеше тілдерге аударылды.

Сыншы ғасырлар бойы ырық бермей келген Сырдарияны жуасытып, сабасына түсіріп халықтың игілігіне қызмет еткізуді, сол ұлы мақсатқа жұмылған адамдарды көрсетуді; ғасырлар бойы әр түрлі қоғамда өмір сүрген халықтың күші келмеген нәрсе кеңес адамдарының қолынан келді деген тұжырымды романның басты тақырыбы ретінде қарайды. Романның басты пафосы да осы мәселенің бағытына арналған деген ой түйеді.

Роман кейіпкерлерінің күш-қуатын халықтың тапқа бөлінген кездегідей өздерінің ішіндегі әлеуметтік күреске шығындамай, бүкіл қоғамды көркейтер игілікті іс-әрекетке жұмсауын зерттеуші жазушының үлкен табысы деп есептейді. Романда кездесетін аңызға ұқсас ғажайып оқиғаларды ғалымның орыс жазушысы Лесковтың «Солақай» әңгімесіндегі сюжетпен салыстыруы да қызғылықты.

Кейінгі жылдары С. Мұқанов өзінің «Өмір мектебі», «Адақандар» романын жаңартып, көп түзеген. Аталған кітаптардың біреулері түгелдей дерлік жаңаланған, біреулерінің көп жерлеріне толықтырулар, өзгертулер енгізілген, енді бірі редакциялық өзгерістерге ұшыраған.

Бұл секілді түрлі дәрежеде өзгерту, жаңалау қазақ жазушыларының (М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов т.б.) бірсыпырасының шығармашылығында бар екендігін атап көрсетеді сыншы. Рухани,

мәдени өсумен байланысты жазушылар өздеріне идеялық-көркемдік жаңа талаптар қояды. Зерттеуші жазушылардың бірсыпыра жағдайда бұрынғы шығармаларына жаңа тараулар қосып, жаңалап толықтыруын олардың жауапкершіліктерінің артып, көркемдік талаптарының күшейе түсуінің нәтижесі деп санайды.

Жоғарыда аталған С. Мұқановтың жаңарған, жаңғырып толыққан романдарын ғалым бір топқа қосып талдаған, олардың соңғы нұсқаларын алғашқы нұсқаларымен салыстыра отырып зерттеген. Жазушының жұртшылыққа кең танылып, жоғары баға алған шығармаларының бірі «Өмір мектебі» алғаш 1930 жылы «Жаңа әдебиет» журналының 3, 4, 5 сандарында, 1940 жылы орыс тілінде «Литература и искусство Казахстана» журналының 1, 2, 3, 4 сандарында «Менің мектептерім» деген атпен повесть ретінде үзінділер болып жарияланды.

Т. Нұртазин С. Мұқановтың «Менің мектебім» романының жазылуына М. Горькийдің «Детство», «Мои университеты» шығармаларының әсері болғанын дәлелдеуге тырысқан. 1941 жылы кітап болып басылып шыққан «Менің мектептеріме» (бірінші кітап) жазушы елуінші жылдары қайта оралып, бірінші кітапты толықтырып және екіншісін жазып бітіріп, 1955 жылы «Өмір мектебі» деген атпен роман ретінде таңдамалының 1, 2 томы ретінде жариялайды.

Зерттеуші шығарманың жанрлық ерекшеліктеріне тоқтала отырып, оның бірінші жариялануындағы «повесть», толықтырылып басылуында «роман» болып аталуының дұрыстығын теориялық тұжырымдарға сүйене отырып дәлелдеп шыққан. Автордың көзімен көрген, басынан өткерген, жанымен сезінген материалдарға сүйене отырып жазған бұл романын сыншы қазақ әдебиетінде ерекше орын алатын шығармалардың қатарына жатқызады.

Кітаптың соңғы тарауында зерттеуші С. Мұқановтың повестері мен очерктеріне, драматургиясына қысқаша шолу жасап өтеді. Роман саласында жемісті еңбек еткен жазушының қысқа жанрда аз көлемге мол мазмұн ұялатып, әсемдеу жағынан шеберлік көрсете алмағанын ескертеді.

Әдебиеттер

- 1 Кәкішев Т. Дәуір дидары. – Алматы: Жазушы, 1985. – 304 б.
- 2 Нұрқатов А. Жазушы және өмір // Коммунизм таңы, 1961. – 17 май.
- 3 Қирабаев С. Бағалы зерттеу // Қазақстан мұғалімі. 1961. – 15 июнь.
- 4 Нұртазин Т. Жазушы және өмір. – Алматы: ҚазМемКөркӘд, 1960. – 358 б.

References

- 1 Kakishev T. Dәuir didary. – Almaty: Zhazushy, 1985. – B. 304.
- 2 Nurkatov A. Zhazushy zhәne omir // Kommunism tany. 1961. – 17 May.
- 3 Kirabayev S. Bagaly zertteu // Kazakhstan mugalimi. 1961. – 15 June.
- 4 Nurtazin T. Zhazushy zhәne omir. – Almaty: KazMemKorkӘd, 1960. – 358 b.